

**Келісілді:**

Шығыс Қазақстан облысы  
Білім басқармасының басшысы  
Чернышёва И. А.  
«20» қараша 2024ж



**Бекітемін:**

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалының директоры  
Жуманова Г. С.  
«20» қараша 2024ж.



**КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің  
100 жылдығына арналған**

**«Шығармашылық, педагогикалық қызметтегі инновациялар» атты  
республикалық педагогикалық оқу ережесі**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Республикалық педагогикалық оқу Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының (бұдан әрі-ШҚО), «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалының және КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің 100 жылдығына арналған Құмаш Нұрғалиев атындағы Жоғары колледжінің іс-шаралар жоспары шеңберінде өткізіледі.

1.2. Республикалық педагогикалық оқуды ұйымдастырушылар – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалы, Құмаш Нұрғалиев атындағы Жоғары колледжі, Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Құмаш Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицей» КММ.

1.3. Республикалық педагогикалық оқуды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі-Ұйымдастыру комитеті) құрылады, оның құрамын және білім беру ұйымдарымен байланыс үшін жауапты қызметкерді ШҚО білім басқармасының басшысы айқындайды.

1.4. Келіп түскен жұмыстарға сараптама жүргізу және бағалау мақсатында Сараптама комиссиясы құрылады. Ол білім беру саласындағы білікті мамандар қатарынан жинақталады. Сараптау комиссиясының төрағасы - «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «ШҚО бойынша кәсіби даму институты» филиалының директоры.

**2. Мақсаты мен міндеттері:**

2.1. Мақсаты: оқытудағы инновациялық және шығармашылық тәсілдер негізінде орта білім беру педагогтерінің және техникалық және кәсіптік білім беру саласы қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

2.2. Міндеттері:

- сапалы білім беру процесін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологиялар мен шығармашылық тәсілдерді пайдалана отырып, орта білім алушыларды даярлаудың жаңа әдістері мен нысандарын және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін зерделеу, талқылау және енгізу үшін диалогтік алаң құру;

- инновациялық технологияларды қолдану саласындағы орта білім беру және ТЖКБ жүйесі педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибесін жинақтау және танымал ету.

### **3. Негізгі бағыттары:**

3.1. Басшылар, басшы орынбасарлары, білім бөлімдері мен орталықтардың өкілдері үшін:

- қазіргі білім беру мекемесін (мектеп, колледж) басқарудың тиімді моделі: тәсілдер, нақты тәжірибе, проблемалар, тенденциялар;

- білім беру ұйымын дамыту бойынша серіктестермен ынтымақтастық және сыртқы байланыс: өзара ынтымақтастықтың жолдары мен түрлері.

3.2. Мұғалімдер, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері, әдіскерлер, орталықтың өкілдері үшін:

- бәсекеге қабілетті түлекті дамыту жүйесі ретінде педагогикалық қызметте оқытудың шығармашылық нысандары мен әдістері;

- орта білім беру және техникалық және кәсіптік білім беруде инновациялық технологиялар;

- білім алушылардың білім сапасын арттырудың және білімдерін игерудің маңызды компоненттерінің бірі.

3.3. Жас педагогтер үшін:

- жас маман даярлау кезіндегі оқу үдерісіндегі цифрлық технологиялар;

- кадрларды даярлаудың сапалы жүргізілуі және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

3.4. Қатысушылар педагогикалық оқуда келесі формаларды қолдана алады: PowerPoint презентациясы бар баяндама (5 мин), стендтегі қорғау (5-7 мин), презентациялар TED (8 мин), PechaKuha (7 мин).

### **4. Педагогикалық оқудың әдістері мен тәсілдері:**

- орта білім беру және ТЖКБ білім беру ұйымдарында және орта білім беру ұйымдарында тәрбие мен оқудың өзекті мәселелері бойынша инновациялық технологиялар мен жобаларды қарастыра отырып, «Болашақ мамандарды сапалы даярлауды ұйымдастырудағы шығармашылық тәсілдер мен инновацияның әсері» диалог алаңын ұйымдастыру;

- білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесінде заманауи инновациялық және цифрлық технологияларды қолдану мәселелері бойынша шебер-классын өткізу.

### **5. Республикалық педагогикалық оқуды ұйымдастыру және өткізу шарттары.**

5.1. Педагогикалық оқу екі кезеңде өтеді:

1 кезең - дайындық (қатысу үшін өтінімдер және баяндама материалдары **2025 жылғы 10 ақпанға дейін** (1-қосымша) ұсынылады).

2 кезең – негізгі, педагогикалық оқуды өткізу **2025 жылғы 27 ақпан**, басталуы сағат 10.00, Астана уақыты.

Жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

Өткізу форматы: офлайн және онлайн режимде.

5.2. Педагогикалық оқуға қатысушылар жеке орындалған жұмыстарды да, авторлық ұжымдар орындаған жұмыстарды да ұсына алады, бірақ бір білім беру ұйымы мен орталықтан (бағыттар бойынша) 3 жұмыстан артық емес.

5.3. Педагогикалық оқу бағыттары бойынша үздік жұмыстар ШҚО білім басқармасының дипломдарымен (1, 2, 3 дәрежелі) және «Өрлеу» «Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалының сертификаттарымен марапатталады.

Әр баяндама жеті критерий бойынша бағаланады (*екі балдық шкала бойынша, 2-қосымша*). Педагогикалық оқудың үздік жұмыстарын іріктеуді сараптау комиссиясы ең көп балл сомасы бойынша жүргізеді.

5.4. Барлық қатысушылар республикалық педагогикалық оқудың бекітілген ережесін (2024 ж. 23.12 дейін) және екі тілдегі бағдарлама (жұмыс басталғанға дейін кемінде бір апта бұрын) және қосу сілтемесін алады.

## **6. Республикалық педагогикалық оқуға ұсынылатын материалдар мен баяндамаларға қойылатын талаптар.**

### **6.1. Рәсімделуі:**

6.1.1. Мәтін TimesNewRoman шрифтiмен терiледi, кәрiп өлшемі 12; жоларалық интервал бір; шеті: сол - 3 см, оң – 1,5 см, жоғарғы және төменгі – 2 см.

6.1.2. Бірінші бетте мынадай ақпарат болуы тиіс: автордың фотосуретінің оң жақ бұрышында, аты-жөні, тегі астында автор туралы мәліметтер - ғылыми дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны орналастырылады.

Беттің ортасында: қалың бас әріптермен безендірілген жұмыс атауы, негізгі мәтін бос орын арқылы тақырыптың астына орналастырылады.

Материал мәтіні келесі бөлімдерді қамтиды:

- Аннотация: жұмыстың мақсаты, міндеттері, өзектілігі мен нәтижелері қысқаша тұжырымдалады.

- Кілт сөздер: материалдың негізгі мазмұнын көрсететін 5-тен 10-ға дейінгі кілт сөздер.

- Негізгі мәтін: жұмыс тақырыбы бойынша толық ақпарат.

- Қорытынды: жұмыс бойынша негізгі қорытындылар.

- Библиография: пайдаланылған дереккөздердің тізімі (3-қосымша).

6.1.3. Кестелер мен схемалар, фотосуреттер жалпыланған зерттеу материалдары болуы керек. Суреттер, фотоматериалдар анық және оңай ашылып көрсетілетіндей болуы керек. Суреттердің, фотоматериалдардың атаулары мен нөмірлері суреттердің, фотосуреттердің астында, ал кесте атаулары мен нөмірлері кестелердің үстінде көрсетілуі керек. Формулаларды тек формула редакторы (MicrosoftEquation) қосымшасында теріңіз. Барлық суреттер мен кестелер, фотоматериалдар сапалы рәсімделуі керек.

6.1.4. Сілтемелер мен әдебиеттер тізімі мақала мәтінінің соңында көрсетіледі.

6.1.5. Мәтінді, әдебиеттер тізімін, кестелерді, суреттерді және фотоматериалдарды қоса алғанда, жұмыс материалының көлемі 6 беттен аспауы тиіс. Беттерді нөмірлеуге болмайды.

6.2. Мақала авторлары авторлық құқықтың сақталуына, сондай-ақ ұсынылған сандардың, фактілердің, дәйексөздердің, атаулардың және басқа мәліметтердің дұрыстығына жауап береді.

6.3. Кеш алынған материалдар қарауға жатпайды.

6.4. Ұйымдастыру комитеті іріктеу, плагиатқа қарсы тексеру құқығын өзіне қалдырады.

6.5. ТЖКБ педагогтерінің материалдары **collegekn@mail.ru** электрондық поштасына, «Аты-жөні, өтінім», «Аты-жөні педоку» белгісімен, орта білім беру (мектеп) педагогтерінің материалдары **snurkenova@orleu-edu.kz** электрондық поштасына жіберіледі

Өтінімдер мен баяндама материалдарын жинау бойынша жауапты қызметкерлердің байланыс нөмірі: Бисикенова Роза Құдайбергеновна, 87779825019; Нуркенова Сайран Ескендировна, 87052213204.

## 1-қосымша

**КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің  
100 жылдығына арналған «Шығармашылық,  
педагогикалық қызметтегі инновациялар» атты республикалық педагогикалық оқуға  
қатысуға өтінім**

| № | Ұйымның атауы (толық) | Автордың аты-жөні (толық) | Лауазымы | Секция жұмысының бағыты | Мақала атауы | Байланыс телефондары (вацап), E-mail |
|---|-----------------------|---------------------------|----------|-------------------------|--------------|--------------------------------------|
|   |                       |                           |          |                         |              |                                      |

## 2-қосымша

## Жұмысты бағалау критерийлері:

| № | Бағалау критериясы                                                                     | Балл, мах-2 балл, толық ашық; 1-толық ашық емес; 0-ашық емес |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| 1 | Материал мазмұнының педагогикалық оқулар тақырыбына сәйкестігі                         | 2                                                            |
| 2 | Тақырыптың өзектілігін негіздеу                                                        | 2                                                            |
| 3 | Зерттеудің, талдаудың және оны дербес жүргізудің теориялық-әдіснамалық негізінің болуы | 2                                                            |
| 4 | Логика, мазмұнның тереңдігі, материалды ашудың толықтығы мен дәйектілігі               | 2                                                            |
| 5 | Креативті-шығармашылық тәсіл                                                           | 2                                                            |
| 6 | Тәжірибеге енгізу (практикалық маңыздылығы) немесе перспективалық.                     | 2                                                            |
| 7 | Материалдың сапасы мен қол жетімділігі                                                 | 2                                                            |
|   | Барлығы                                                                                | 14                                                           |

## 3-қосымша

## Жұмысты рәсімдеу үлгісі

|                                                                                                                            |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <p align="right">Фотосы<br/>Ахметова Сауле Ахметовна,<br/>Арнайы пән оқытушысы<br/>КГУ «Туризм колледжі »,<br/>Орал қ.</p> |  |
| <p><b>ТАҚЫРЫБЫ</b></p>                                                                                                     |  |
| <p>Аннотация:<br/>Кілт сөз:</p>                                                                                            |  |
| <p>Мәтін.....</p>                                                                                                          |  |
| <p>Қорытындылар.....</p>                                                                                                   |  |
| <p>Библиография:<br/>-.....</p>                                                                                            |  |